



Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 14«а»
Тел.: 8(7122) 35-40-71, 35-58-22.
E-mail: info@ssmp-atyrau.kz

город Атырау, улица Смагулова, 14«а»
Тел.: 8(7122) 35-40-71, 35-58-22.
E-mail: info@ssmp-atyrau.kz

21.04.2026 ЖЫЛҒЫ

Бұйрық № ПР-2026/570

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсыныстарына сәйкес Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі - Станция) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылдың 21 сәуір күнінен бастап – 30 жұмыс күні ішінде жүргізілсін. Қажет болған жағдайда аталған мерзім 15 жұмыс күніне созылсын.

2. 2025 жылғы 10 шілдеден бастап 2026 жылғы 10 мамырға дейінгі кезеңді қамтып Кәсіпорынның бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізілсін:

2.1. Кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен жобаларындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2.2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (Персоналды басқару бөлімі; Қаржы-экономикалық бөлімі; Шаруашылық-техникалық бөлімі).

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу комплаенс-офицер функцияларын атқаратын жауапты тұлға – Ахметова Дариға Алимовна мен Издибаев Ернар Рамазановичке жүктелсін. Ішкі талдау жұмыстарын жүргізу барысында барлық қажетті ақпараттың уақытылы берілуі мен ұйымның қаржы бөлімінің, медициналық қызметтердің сапасын бақылау мен ішкі талдау қызметі және есеп, статистика мен ақпаратты талдау бөлімінің мамандарының қатысуы қамтамасыз етілсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

А. Орынбасарұлы

DOC ID KZKR04620260000129068036ED

